



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- халықтардың өмірі жөнінде мәлімет: туған өлкесі мен Отан, адамдар еңбегіндегі, мәдениетіндегі, дәстүріндегі ерекшелік, еліміздегі өзге халықтардың достығы; олардың салт-дәстүрлері;

- әлеуметтік мәлімет: қаланың көрікті жерлері, мемлекет, оның астанасы, рәміздері жөнінде білім, мемлекетіміздің қалалары, өзге көрші мемлекеттер және оның астаналары;

- өз өлкесі мен Отаны жөніндегі тарихи мәліметтер: қала ескерткіштері, батырлардың атымен аталатын көше, қала мақтанышы, халықтардың өткен өмірі жайындағы тарихи уақиғасы [6].

Қазақстандық Отансүйгіштік – қазақ азаматының өзінің туып-өскен өлкесіне сүйіспеншілігі ғана емес, бұл ұлы достықты құрайтын жүзден астам ұлттар мен ұлыстары мекендеп отырған біздің ұлан-байтақ Отанымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады. Қазақ ертегі-аңыз әңгімелері арқылы бастауыш мектеп оқушылары бойында ұлтжандылық, Отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру бастауыш мектеп оқушыларының қазақ ертегі-аңыз әңгімелерін оқу деңгейі, оқуға деген ынта-ықыласы, қызығушылығы арттырып, шығармашылық қиялы дамып, қазақ тілінде сауатты жазу, сөйлеуді кеңейтеді. Оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс уақытта жүргізілген жұмыстарды жандандырып, қызықты өткізу оқушының сабақтан тыс уақытта уақытын дұрыс пайдалануға, бойында ұлтжандылық, Отансүйгіштік қасиетін қалыптастыруға, жеке адам ретінде жан-жақты дамуына әсер етуіне тигізетін ықпалының молдығына көз жеткізіп отырмыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы, 1989.
3. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы, 1989.
4. Волков.Б.С., Волкова.Н.В. Балалар психологиясынан жаттығулар жинағы. / Аударма: Бұсұрманова.С.Т., Бердібаева.С.К. - Алматы, 1993.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1987.

ӘОЖ 378.05.01

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алишева Айжан Жолдасовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байсарина С.С.

Бүгінде ғылыми әлеуметтік педагогиканың даму жағдайында жасөспірімдерге патриоттық тәрбие берудің мәселесі өзекті де, көптеген ізденісті қажет ететін мәселе болып отыр. Патриоттық тәрбие беру көптеген ілімдердің зерттеу объектісі.

Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Шынында да, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, сұлулықты да, мәдениетті күтуге болмайды. Ендеше, патриоттық тәрбие-тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек, қателеспейміз.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу - мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді

парызы», - деген еді, ендеше әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды.

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы-жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді. Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» - дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс - қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей болғаны жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері.

Сонымен қатар, азаматты-патриоттық, құқықтық және көп мәдениеттілік тәрбие – мақсаты бағыттағы, мемлекеттік өзін өзі тану, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне деген құрметтеу және патриоттық сезімдері, ұлттық сананы, ұлтаралық мәдени қатынастарды, әлеуметтік және діни толеранттылықты қалыптасыруға, дамытуға арналған оқушы жастар ортасында жүргізілетін жұмыс. Кәзіргі заман жағдайына қатысты құқықтық сананың қалыптасуы, жастар ортасында заңға қарсы құбылыстарға қарсы тұра білудің ерекше маңызы зор.

Осы жұмыстарды жүзеге асыру барысында үш негізгі ерекшеліктерді атап өтуге болады:

- когнитивті – өзінің Отанының тарихын, рухани негізін, мәдениетін білу шарты;
- эмоциялы – адамзатқа, өзінің еліне, халқына, рухани мәдениетті, тарихи ұқсастығын сезіну;
- мінез-құлықтық – осы құндылықтар негізінде белсенді іс әрекет жасауға деген тілекті, қабілетті жүзеге асыру.

Қоғам өзінің мақсаттарын, ұмтылыстарын жандандырусыз қарқынды дами алмайды. Патриоттық және интернационалдық тәрбие ХХІ ғасырда Қазақстанның жаңа азаматын қалыптастыруға және демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруға және елімізді жаңа әлемдік деңгейдегі мемлекеттер қатарына қосуға жүйелі әсер етуге жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын.

Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы.

Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отанға деген

сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді.

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді. Ал мұндай туған елді, ұлтын сүю тақырыбында XIX ғасырдың жазушыларының шығармаларынан Абайдың «Қайран елім, қазағым қайран жұртым» т.б. М.Жұмабаевтың елді сүю, оған қызмет ету тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Балаларды патриотизмге тәрбиелеу рухында оқырмандар конференциясын өткізудің де мәні зор.Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» Қ.Қайсеновтың «Ажал аузынан», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары».

Отансүйгіштік сезімі туа бітті пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Жиырма жылдық өмірін әскер қатарында өткізген Бауыржан ағамыз өмірінің соңына дейін әскери-патриоттық тақырыптарға шығармалар жазды: «..патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік тәуелді екенді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау; қысқасы айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғым, оны жеке адам барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым - қатынасын біріктіреді», - деп терең және жан - жақты анықтама берген.

Б. Момышұлының анықтамасы бойынша ұлттық елжандылық мыналардан тұрады:

- өз халқына сүйіспеншілік;
- өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну;
- тұрып жатқан территориясы, ана тілі, тұрмыс – тіршілігі, тарихи дәстүрі, психологиялық ерекшеліктерін сақтап, дамытуға, оны өз ұрпақтарына өткізіп беруге бейімділік.

Осыдан бастап елжандылыққа тәрбиелеуді отбасынан бастау проблемасы келіп шығады. Жазушы Ә. Нұршайықов: «бала күннен батырлар туралы ертегілер, аңыздар тыңдап, ерлікті мадақтайтын тақпақтар жаттап, эпостық шығармаларды етене қабылдамаған адамдардың бойында бес кісінің күші болса да патриот бола алмайды», - деп елжандылық тәрбиесін берудегі отбасының маңызына тоқталып өткен. «Тәрбиенің күшімен шындалған патриотизм, қынаптан суырған қылыштай жарқ етіп, Отанды басқыншы жаудан қорғау сағатында өз қуатын көрсетеді», - дейді жазушы.

«Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр-тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілікті ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек», - деген ол артына өшпес өнеге, ерлікке, патриоттық, сезімге толы бірнеше кітаптарын: «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969) «Жоңарқа» екі томдық шығармалар

жинағы(1969), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990,1991), «Ұшқан ұя» кітабын қалдырды. Ал, «Ұшқан ұя» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған. Сонымен бірге халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі, жан жарасын жазудағы өнер мен әдебиеттің, музыка мен көркемөнердің құдіретті күштерін, олардың өмір үшін күресте рухани күшті құралы болғанын соғыс эпизодтарынан нақты мысалдар келтіре отырып, рухы мықты халықтың ешқашан да жаудан жеңілмейтіне басты назар аударған. Сондай-ақ, Бауыржан ағамыз артына жетпіске жуық мақал- мәтелдер қалдырған. Ол мақал-мәтелдеріне «Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық» деп халық атынан ащы да әділ үкімін пайымдайды. Біз жазушы, тәлімгер Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның шығармашылығы патриоттық тәлім- тәрбиенің қайнар көзі екенін байқаймыз.

«Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын – жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылды. Сондай-ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін - «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсы бүгінгідей (кеңес дәуірідегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды деп тұжырым жасауға болады.

Сонымен, қазақстандық патриотизм - бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге керек, болашаққа да керек. Жалпы патриоттық сезімінің оянуы мен қалыптасу процесін белгілі бір асқақ сөзімдерден, мақтаныш-сүйініштен бөлек қарауға болмайды. Ол өз елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу керек деген сөз. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Білім мен білікті талап етеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі.

Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік

белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Қазақстан-2030:Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. -Алматы: Білім,1997.-176б.
2. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, -Алматы: Жазушы, 1990. -720 б.
3. Қалиұлы С., Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). –Алматы: Білім, 2003. -280 б.
4. Жұмағұлов Б.Т. Патриотизм және азаматтық ұстаным // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. - № 260 – 263 (2661), 21 маусым. – Б.2-4.
5. Бегалин С. Шығармалар жинағы, -Алматы: Жазушы,1966. -120б.

ӨОЖ 37.037

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘНІ

Алпамысова Ләззат Жақсылыққызы

Lazzat.alpamysova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 2-курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: – Шолпанқұлова Г.К.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей [1], қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

С.А.Назарбаева «Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қажетті гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады» - деп тұжырымдайды [2].

«Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі табуына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейпін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалпын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз үрдісі болып табылады. Демек өзін-өзі тану белгілі бір сала бойынша білімді жинақтау ғана емес, адамның өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруын, тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асыруды, шығармашылық белсенділікке, өзімен және өзін қоршаған ортамен үйлесімділікке қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Гуманизмге негізделген мемлекеттің атқаратын қызметтерінің ішінде әлеуметтік қызмет аса маңызды орын алады.

Сондықтан оқушылардың пәнге ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып